

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 1 «А» сыныбында 2022-2023 оку жылында  
жүргізілген тәрбие жұмысының жылдық есебі

Тәрбие жұмысының бағдарламасының сегіз бағыты бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалды. Азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие бағытында «Білімге ұмтылу» еңбексүйгіштік және отаншылдық», «Астана-отанымыздың жүргөгі» тақырыптарына сынып сағаты өтті. Отбасы тәрбиесі бағытында «Тәрбие мектебі-Отбасы», «Алғыс айту парызым» тақырыптарында өткен сынып сағаттарында үлкенді сыйлау, отбасылық құндылықтар, кішіге қамкорлық қасиеттері насиҳатталды.

Сыныптың оқушылары мен ата-аналарын қосымша білім беру мекемелерінде жүргізілетін үйірмелермен таныстырып, оларға қатысуына түсінік жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде сыныптың 60-70% аталған мекемелердегі түрлі үйірмелерге қатысты.

Сынып сағаттарымен қатар танымдық сайыс сабактары «Тәуелсіздік ел тірегі-білімді ұрпақ», «Кітап- сарқылмас рухани әлем» сайыс сабактары өтті. Жоспарға қазақтың атақты тұлғалары, қоғам қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы таныстырылып үлгі етілген сағаттар өткізілді.

Ұлттық тәрбие бағытында «Елім менің қазақстан», «Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл», «Бірлі жарасқан Қазақстан» жас суретшілер байқауы жоспарға сай мақсаттарын орындал өткізілді.

Оқушылардың бойында табиғатқа әдепті көзқарастың қалыптасуына тәрбиелуе мақсатында «Табиғатым аманатым» тақырыбында, олардың ақыл-ойы мен білімге құштарлығын дамытуда «Кітап –рухани, сарқылмас әлем», «Ел тірегі білімді ұрпақ» тақырыбында, оқушылар бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктері, оның қызметінің ерекшеліктері, сан алуан спорт түрлері олардың адамның рухани саулығына тигізгер пайдасы жөнінде «Салауатты өмір-жарқын болашак», «дені саудың рухы сау» тақырыптарында сынып сағаттары, кездесу кештері, танымдық ойындар өткізілді.

Осылайша жоспарланып жүргізілген тәрбие шаралары ,ата-аналармен жұмыс оқушылардың таным, білімінің шындалуына үлес қосты.

Сынып жетекшісі:



Шарипова Л.К.